

2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 736 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа 2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 7 қазандағы
№ 736 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты

қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі, 2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға (бұдан әрі – "Конвенция") толықтыру енгізуге ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Конвенцияның 10-бабы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания төлейтін дивидендтерге егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі:

(a) Қазақстанда:

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе орталық немесе жергілікті билік органы;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; немесе

(iii) Қазақстан Республикасының Үкіметіне толығымен тиесілі Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында кей-кейде келісілуі мүмкін болатын кез келген басқа мекеме;

(b) Люксембургте:

(i) Люксембургтің Үкіметі немесе жергілікті билік органы;

(ii) Люксембургтің Орталық Банкі;

(iii) "Société Nationale de Crédit et d'Investissement" (Кредиттеу және инвестициялар жөніндегі ұлттық компания); немесе

(iv) Люксембургтің Үкіметіне толығымен тиесілі, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында кей-кейде келісілуі мүмкін болатын кез келген басқа мекеме болып табылса, салық екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салынады."

2-бап

Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы осы Хаттама күшіне ену үшін ұлттық заңнамаға сәйкес қажетті рәсімдердің аяқталғаны туралы екіншісін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді. Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтын Хаттама осы хабарламалардың соңғысы алынған күннен бастап күшіне енеді және екі Уағдаласушы Мемлекетте осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезеңдер үшін қолданылады.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

20_____ жылғы " _____ " _____ қазақ, француз, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Люксембург Ұлы Герцогтігінің
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК